

Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының төрағасы  
Қ.Мами мырзаға

Астана қаласы, Қонаев көшесі 39

Шымкент қаласының Қаратау ауданы,  
Сайрам ауылы Ташкентская көшесінің  
12 а үйдің тұрғыны Шарасулов Шапайзи  
Ашурметовичтен,

Қазақстан Республикасының  
Жоғарғы Соты  
"20" ақ 2017 ж.  
Кіріс № 1246 Бет 2

А Л Ғ Ы С      Х А Т

10/5 -

Мен Шарасулов Шапайзи бұрынғы Сайрам ауданы Сайрам ауылы, кәзіргі Шымкент қаласы Қаратау ауданы Сайрам ауылында туып - өстім. Бала кезімнен кәзіргі уақытқа дейін кара жұмыс істеп, өзімнің отбасымен 1 топтағы мүгедек әпкемді асырап келемін.

12.11.1991 жылы сол кездегі «Коммунизм» колхозының правлениясы ауыл шетінің күн батысында орналасқан көлемі 25 x 16 метр, тереңдігі 20 метрлік шұңқырды, айналасындағы 4 соттық жерімен пайдаланбай, тұрғындармен қоқысқа айналдырып (малдар мен жануарлардың өліктері, тұрғындардың күнделікті тұтынған азық-түлік пен шіріген бау-бақша өнімдері тасталған жер болып жатқан) жіберген соң, маған сол жерге қоқыс тастатпай, өзің шұңқырды толтырып, огород жасап, әр түрлі ауыл шаруашылық дақылдарын егіп, өнімін пайдаланып, отбасыңды асыра, деп шешім шлығырып берген болатын.

Ауыл тұрғындары өсіп, көшенің оң және сол жақтарындағы бос жатқан жер учаскелерін колхоз правлениясы тұрғындарға беріп, олар өздеріне үйлер соғылып, Ташкентская көшесі, деп аталды.

1991 - 1996 жыл аралығында мен КАМАЗ автокөліктерін жалдап, топырақ тасып, көліктердің әр рейсіне өзім ақшасын төлеп сол шұңғырды топыраққа толтырып, ол жердің көлемін 24 соттық жерге жеткізіп – тегістедім.

21.04.2007 жылы мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жүргізу жөніндегі комиссия отырысының №32571 хаттамасымен жоғарыда көрсетілген мекен жайындағы жер учаскесі (кадастрлік нөмері:19-295-096-419, алаңы 0,2400 га) тұрғын үй және жеке қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін жеке меншік құқығымен жария етілді.

04.11.2007 жылы бұл жер учаскесіне кадастрлік №19-295-096-419 санымен №295096419-шы мемлекеттік акт алдым.

2014 жылы менің бұл кішірім қоржын үй соғып тұрып жатқан жерімді ауылдың байпатшасы аз.Ш.Ш.Шамухсуновқа Сайрам ауылының әкімі өзінің шешімімен беріп жіберді.

Міне, осы күннен бастап менен ұйқы кетті. Менен тыныштық кетті. Ауылдың байпатшасы маған «жерді босатта – босат, мен бұл жерді сатып алдым және бұл жерде бизнес ғимарат соғамын», деп тыныштық бермеді.

Содан байпатша, 28.04.2016 жылы ОҚО жер инспекция басқармасына өтініш арыз беріп, оның өтініші №107-1/3-ші санымен кіріске алып, тіркеліп, басқарма қызметкерлері өз тексерулерін бастап кетті. Аяғынан мені сотқа берді.

Алғашқыда, мені Сайрам аудандық соты, одан соң Шымкент қаласы Енбекші аудандық соты сұрау-жауап алды. Соңынан менің үстімнен жиналған істі Шымкент қаласы Қаратау аудандық соты тексерді.

Осы аралықта мен өз жерімнен айырылып қаламын ба, деп қатты қорықтым.

Себебі, 21.04.2007 жылғы рақымшылық жүргізу комиссиясының №32571 хаттамасын ЗАҢСЫЗ, деген ОҚО жер инспекция басқармасының қызметкелерінің талаптары орындала бастады.

Алайда, 4-ші судьядан кейін, менің ісім Қаратау аудандық сотының судьясы Л.С. Әуелбекованың өндірісіне өтті.

Менің ұлтым өзбек, білімім жоқ, отбасымды асыраумен бала кезден қара жұмысқа кетіп, білім ала алмай қалдым.

Сондықтан, судья Л.С.Ауелбековаға өзімнің ерекше алғысымды айтқым келіп отыр, себебі ол менің жеріме деген өшуге айналған үміт отымды қайта жағып, шындық пен әділдікті өзіне ту етіп, ерінбей, өзі жердің басына барып, онда көршілермен сөйлесіп, өзінің қызметін әділ атқарып, ақиқатты анықтап, заңды шешім шығарып берді.

Судья Л.С.Әуелбекованың бұл шешіміне қанағаттандаған ОҚО жер инспекция басқармасының қызметкелері апелляциялық шағым берді. Онда азаматтық істі қараған судьялар шешімнің заңдығына байланысты апелляциялық шағымды қанағаттандырусыз, шешімді өзгеріссіз қалдырды.

Оған да келіспеген ОҚО жер инспекция басқармасының қызметкелері Жоғарғы Сотқа кассациялық шағым келдірді. Онда да өтінішхат ҚР-ның Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының сот отырысында қарауға беруден бас тартылды.

**ҚҰРМЕТТІ Қ.Мами мырза,**

Сіз басқарып отырған және Сіздің басқаруыңыздағы Сот системасында қызмет атқарып жүрген Әділ судьяларға, соның ішінде Шымкент қаласы Қаратау аудандық сотының судьясы Л.С.Әуелбековаға өзімнің ерекше алғысымды білдіріп, рахметімді Сіз арқылы жеткізгім келіп тұр.

Осындай өз ісінің мамандары елімізде өте көп болсын, ондай мамандарға жол көрсетіп және басшылық жасап, үйретіп отырған Сізге, сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы Шәріпов пен Шымкент қаласы Қаратау аудандық сотының төрағасы Е.Рахманберді мырзаға да зор алғысымды білдіремін.

Әрқашанда халқының қамын ойлап, өз халқына қуаныш пен бақыт слайтын Сіздерге алла абырой берсін. Әрқашанда Әділдіктің туын жоғары ұстап жүрген Әділ судьяларыңыз көп болсын.

**Мәңгілікте еліміз аман, халқымыз тыныш болсын.**

Ниет білдіруші:-



**Ш.Шарасулов**

**10.04.2018 жыл**